



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

сөздің қазақ тіліндегі мағынасын және оның қазақ тіліне берілу жолдарын айқындауда түпнұсқа мәтініндегі сөйлем мен аударма тіл мәтініндегі оған сәйкес сөйлемді ғана емес, сонымен қатар сөйлем мен оған сәйкес күрделі синтаксистік тұтастықты қоса салғастыру керек. Әр түрлі жүйеге жататын тілдердің материалдарын осылайша салғастыру осы тілдердің ортақ қасиеттерімен қатар, олардың ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Миньяр-Белоручев Р.К. Общая теория перевода и устный перевод – М.: Воениздат, 1980. – 237 с.
2. Комиссаров В.Н. Слово о переводе: очерки лингвистических учений о переводе. – М.: Международные отношения, 1973. – 214 с.
3. Швейцер А.Д. Перевод и лингвистика. М.: Воениздат, 1973. – 280 с.
4. Ермагамбетова А.С. Сущность и значения национальных слов реалий в языке художественного произведения и способы их перевода: дисс. канд. фил. наук. – Алматы, 1972. – 185 с.
5. Бархударов Л.С. Язык и перевод. – М.: Международные отношения, 1975. – 240 с.
6. Agatha Christie Selected Stories. – М.: Progress Publishers, 1976. – 334p.
7. Ахметов Ә. Ғайып болған миллион / Кристи Агата. Әңгімелер. – Алматы: Жалын, 2003. – 160 б.

ӘОЖ 811.111'25

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ӘСКЕРИ-ТЕҢІЗ САЛАСЫНДАҒЫ ТУЫНДЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ АУДАРЫЛУЫ

Жұбатыр Темірлан Жоламанұлы

2353528@gmail.com

6М020700 – «Аударма ісі» мамандығының 1-нші курс магистранты,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Сүлейменова Б.Н.

Ағылшын және қазақ тіл білімдерінің сан-салалы теориялық ұстанымдары бүгінгі күнде аудармаға қатысты зерттеулердің негізгі бағыт-бағдарын анықтауға, маңызды қорытындылар шығаруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты біз мақаламызды қазақ тіліндегі туынды сөздердің өзіндік ерекшеліктерін, олардың басқа тілдерге, мәселен, ағылшын тіліне және керісінше аударылып берілуін, аудармалардың нақтытылығы мен дәлдігін қарастырып өтуді мақсат етіп отырмыз.

Мақала қазақ тіліндегі әскери терминдер, олардың сөзжасам жүйесінің бірліктері, сөзжасамдық қызметі, солардың нәтижесінде жасалған әскери терминдердің түрлері және осылардың ағылшын тіліндегі баламаларын көрсетуіне арналады. Жұмысымыздың дереккөздері ретінде ағылшынша-орысша, ағылшынша-қазақша аударма сөздіктер, ағылшын тіліндегі классикалық әдебиеттердің аударма материалдарынан алынған мысалдар қолданылды.

Қазақ тіліндегі әскери терминдер, оның терминжасамы арнайы жеке зерттелмей келе жатқан тақырыптардың бірі.

Біздің қарастырып отырғанымыз әскери-теңіз күштері лексикасы және осы саладағы әскери-теңіз терминдерінің қазіргі таңдағы ағылшын тілінен, қазақ тіліне және керісінше аударылуы мәселесі болып табылады. Кез-келген мемлекет үшін оның ең маңызды мақсаттарының бірі ол – мемлекеттің қауіпсіздігі болып табылады. Қазақстанның Қарулы Күштері – Қазақстан Республикасының әскери құрылымы әскери басқару органдарын, Қарулы Күштердің түрлерін, арнайы әскерлерді, тыл, әскери оқу орындары мен ғылыми мекемелерді қамтитыны белгілі. Әдебиеттердегі деректер бойынша, әскери салаға қатысты

терминдер бір сәтте пайда бола қалған жоқ. Олар ғасырлар бойы тірнектеумен жиналды. Бұл күнде бас-аяғы 5 мыңнан астам терминдерден тұратын терминологияның әскери терминдер саласы бар екендігі белгілі. Алайда, осыншама терминдер қалай жасалғаны белгісіз [1].

Қазіргі таңда аударматану мәселесі өзекті мәселе. Осыған орай, аударматанудың арнайы салалары, соның ішінде терминологияны аударудағы мәселелерді зерттеу тіл біліміндегі өзекті тақырыптардың бірі болып табылады [2].

Мақала тақырыбы терминология, терминдер, олардың аударылу жолдары мәселесіне арналғандықтан, терминдердің жіктелуі, олардың аударылу жолдарына тоқталуды талап етеді.

Қазіргі тіл білімінде терминология, терминологиялық лексика туралы мәселе А. Реформатский, О.С. Ахманова, В.Ф. Журавлев, В.П. Даниленко, Г.В. Степанов, қазақстандық лингвистикада А.Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, М. Балақаев, Ә. Қайдаров, Б. Қалиев, Ө. Айтбайұлы, Ш. Құрманбайұлы және т.б. ғалымдар еңбегінде қарастырылып жүр.

Бұл еңбектерде терминологияның аппараты, ғылыми принциптері, өзіндік ерекшелігі, терминологияның салалары, теориялық мәні мен маңызы т.б. мәселелері қарастырылған. Зерттеулерде, сонымен қатар, терминдік жүйе мен терминжасамның теориялық мәселелері, терминжасамның ғылыми принциптері мен шарттары анықталып, сөздік жасау, салалық терминжасам мәселесі арнайы қарастырылған.

Д.С. Лоттенің терминге қойылар талаптар бойынша, ғылыми-техникалық терминдерде келесі тараптар болуы ықтимал: жүйелілік, контекстен тәуелсіздік, бірмағыналық, дәлдік, қысқалық, терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі.

Бұл мәселе, яғни сөзжасам заңдылықтарын бір тілден екінші бір тілге аударуда ұтымды атау жасау үлкен талғампаздық пен шығармашылық қабілетті қажет ететін күрделі жұмыс [3].

Терминжасам тәсілдері сөзжасам тәсілдеріне негізделеді. Сонымен бірге, терминжасам тәсілдерінің өз ерекшеліктері де бар. Сөзжасам тәсілдері терминжасам тәсілдерінің негізін құрайды.

Сөзжасамдық тәсілдер туралы сөз болғанда, оның бірте-бірте қалыптасқанын есте ұстау керек. Өйткені терминжасам тәсілдері де бірте-бірте қалыптасады.

Сөзжасам тәсілдері, олардың түрлері туралы теория А. Байтұрсынұлының «Тіл-құралы» кезінде қалыптаспаған еді. Сондықтан А. Байтұрсынұлы «Тіл-құралында» сөзжасамның синтетикалық, аналитикалық, семантикалық тәсілдері терминдерін қолданған жоқ. Бірақ сөзжасамдық тәсілдер негізінде жасалатын туынды сөз мәселелерін ол жазды. Мәселен, жұрнақ, туынды сөз, қос сөз, зат есімнен туған сөздер, оны есімнен туған сөздер, етістіктен туған сөздер, туынды етістіктердегі жұрнақтар, етістіктен туатын басқа сөздердегі жұрнақтар түрінде берілген сөздер делінген [4].

Қазақ тілі жалғамалы тілдер қатарына кіретіндіктен неғұрлым қысқа, ықшам атауларға сөз тудырушы жұрнақтарды үсті-үстіне жалғау арқылы бір түбірден немесе негізден бірнеше туынды сөз, жаңа атау жасауға болады. Ал ол флективті, мысалы ағылшын тіліндегі сөз жасам заңдылықтарына сәйкес келе бермейді. Сондықтан да терминологияны, сөзжасам заңдылықтарын аударуда қанағаттандыра бермейтін термин-сөздер ұшырасып қалып жатады.

Енді ағылшын тіліндегі әскери-теңіз саласы терминдерінің ішіндегі туынды терминдеріне, осы терминдердің қазақ тіліндегі баламаларына тоқталсақ.

Негізі туынды терминдер түбір сөздерге түрлі жұрнақ-жалғаулардың жалғануы арқылы, сондай-ақ екі жай сөздің не терминдердің қосарлануы және олардың бірігуі арқылы жасалады. Бұл терминдердің үш түрлі жасалу жолына қарай әскери-теңіз терминдерін жеке-жеке қарастырамыз.

Outtrigger – ағылшын тіліндегі *rig* етістігіне *out* префиксі мен *-er* суффикстері жалғанып, бүтін бір термин беріп тұр. Екі тілдегі терминдердің сөз таптары бірдей, олар зат есімдер болып табылады. Транслитерация тәсілі арқылы аударылып аутриггер деген

мағынаны береді.

Boatswain – екі сөздің қосындысы арқылы жасалған термин сөз, екі сөзді жалғап тұрған -s жалғауы ілік септігінің қызметін атқарып тұр, транслитерация әдісі арқылы термин боцман деп аударылады.

Backboard – екі сөздің қосындысынан тұратын термин, бірінші сөз жай қолданыстағы сөз, ал екіншісі әскери-теңіз саласында қолданылатын термин болғандықтан қосарланып екеуі бір термин мағынасын беріп тұр, транслитерация әдісі арқылы *бакборт* деп аударылады.

Waterline – ағылшын тіліндегі түпнұсқасы екі зат есімнің қосындысынан тұрады, термин калька әдісімен қазақ тіліне *ватерлиния* деп аударылады.

Halfwind – термин екі сөздің тіркесінен тұрады, транслитерация әдісі арқылы галфвинд деп жаңа термин жасалады.

Quarter – deck – түпнұсқаға балама жоқ болғандықтан сипаттау әдісі қолданылуы арқылы, *кемені жүргізуге арналған жоғарғы ашық палуба* деп аударамыз.

Upper – deck – ағылшын тіліндегі термин құрылымы N+N болса, қазақ тіліне аударғанда бұл құрылым өзгеріп Adj+Adj+N құрылымы арқылы *жоғары батареялы палуба* деп аударылады.

Middle - deck – ағылшын тіліндегі термин құрылымы Adj+N болса, қазақ тіліне аударғанда бұл құрылым өзгеріп Adj+Adj+N құрылымы арқылы *ортаңғы батареялы палуба* деп аударылады.

Keel – blocks – ағылшын тіліндегі туынды терминді қазақ тіліне транслитерация әдісінің көмегімен *киль – блоктар* деп аударамыз.

Rear - guard – термин қарапайым қолданыстағы *rear* – артқы және *guard* қарауыл деген сөздердің қосылуынан жасалған туынды термин сөз, калька тәсілімен аударылып, *арьегард* терминін береді.

Mizzenmast – сөзбе-сөз аударма тәсілімен *кеменің діңгегі* деп аударылады.

Boatswain's mate – боцман болмай қалған жағдайда боцманның міндетін атқарушы унтер-офицерді калька әдісімен аударып *боцманмат* деген термин жасаймыз.

Sternpost – екі қарапайым жалпы қолданыстағы сөздердің қосылуынан жасалған термин сөз, негізінен неміс тілінен енген сөз болғандықтан қазақ тіліне де калька тәсілі арқылы аударып *ахтерштевень* деп аударамыз.

Bowsprit – транслитерация әдісі арқылы бушприт не болмаса боушприт деп аударылады.

Shipyard – жалпы қолданыстағы екі қарапайым сөздің қосындысынан жасалған, ал әскери-теңіз саласындағы терминдік мағынаға ие болады. Сипаттау әдісі арқылы *кемелер жасайтын және жөндейтін орын* деп түсіндіріледі.

Starboard – екі сөзден құралған бірінші сөз жалпы қолданыстағы сөз, екіншісі әскери-теңіз саласына қатысты термин сөз екеуі қосылып, *сол жақ галс* деп аударылады және сипаттау әдісі қолданылады.

Porttack – екі сөзден құралған бірінші сөз әскери-теңіз саласына қатысты термин сөз, екіншісі жалпы қолданыстағы сөз, екеуі қосылып, *оң жақ галс* деп аударылады, сипаттау әдісі қолданылады.

Two-decker – қос палубалы кеме, палуба сөзіне –ег жалғауы жалғанып зат есімді білдіріп тұр.

Rowing navy – сөзбе – сөз аудару тәсілі арқылы аударылған сын есім мен зат есімнен құралған туынды термин, еспелі флот деп аударылады, түпнұсқадағы құрылым сақталған.

Driftformer – екі сөздің қосындысынан туған термин сөз, -ег жалғауы жалғану арқылы зат есім жасап тұр, желдің немесе ағынның әсерінен кеменің тура жолдан ауытқуы және сендердің ағуын өлшейтін құралды транслитерация әдісі арқылы дрейфомер деп аударамыз.

Rope-yarn – екі зат есімнің қосылуынан жасалған әскери-теңіз саласында қолданылатын термин сөз жасауға болады, яғни *өсімдіктерден есіп жасалған ең жіңішке арқанды* айтамыз және сипаттау әдісі қолданылады.

Case-shot кей жағдайда *canister – shot* деп те кездеседі, ағылшын тілінде екі сөзден құралған туынды терминді қазақ тіліне дәлме-дәл аудару арқылы *бытыра* деген термин аламыз.

Crew's space – кубрик, кеме командасына арналған жай.

Studding – sail – *самал желде негізгі желкенге қосымша көтерілетін желкен*, сипаттау әдісі арқылы аударылып тұрған термин.

Leadline – екі сөздің қосыслуынан жасалған термин, *тереңдікті өлшеу үшін жүк іліп қоюға арналған арнайы жіп деп* сипаттау әдісі арқылы аударылады.

Seaman – жалпы қолданыстағы баршаға таныс екі сөздің қосындысынан туындаған сөз, ал әскери-теңіз саласында термин ретінде қолданылады, қазақ тіліне сөзбе – сөз аудару арқылы матрос деп аударылады, сонымен қатар етістікке –ог жалғауын жалғау арқылы зат есім алуға болады, мысалы: sailor.

Treenail – екі қарапайым сөзден құралған әскери-теңіз саласында қолданылатын термин сөз жасалады, сөзбе – сөз аудару тәсілі арқылы *ағаш иеге* деп аударамыз.

Outlines – сипаттау әдісі арқылы *кеменің сыртқы қоршауы* деп аударамыз.

Seaport – сөзбе-сөз аударма арқылы жасалады, *кеме порты* деген мағынаны береді.

Ship's bell – қазақ тіліне дәлме-дәл ілік септігінің көмегі арқылы аударылып, *кеменің қоңырауы* деп аударамыз.

Spar - deck – транслитерация әдісі арқылы *спар-дек* деп аударылады.

Topmast – дәлме - дәл баламасы бар, *діңгек ұзартпасы* деген мағынаны білдіреді.

Backwater – етістік түрінде қолданылады, сөзбе – сөз аударма арқылы *табандату* деп аударылады, яғни қайықты артқа қарай ескекпен есу деген мағынаны білдіреді.

Timesheet – екі зат есімнен құралған туынды термин, қазақша дәлме –дәл баламасы жоқ, сондықтан да сипаттау әдісі арқылы *кеменің аялдау және жүк түсіру уақыттарының есебі* деп аударамыз.

Rigger –етістікке -ег жалғауы жалғанып зат есім жасалып отыр, сөзбе-сөз аудару тәсілі арқылы *такелажшы* деп аударамыз.

Slacken out – етістік түрінде кездесетін термин, сөзбе-сөз аудару әдісімен *канат арқанды бірте-бірте босату* деп аударылады.

Ship's ladder – сөзбе –сөз аудару арқылы *кеме трапы* не болмаса *кеме басқышы* деп аударамыз.

Ladderbeam – екі зат есімнің қосындысынан туып отырған термин, сөзбе – сөз аударма арқылы *саты бөренелері* деп аударылады. Бұл терминнің аударылу жолы да тура жоғарыдағыдай жағдаймен сәйкес. Түпнұсқа термин сөзбе-сөз аударылып, қазақ тілінде сол мазмұнын сақтап тұр. Термин құрамындағы сөздер де, терминнің өзі де зат есім қызметін атқарады.

Trysail – етістік пен зат есімнен құралған термин сөз, транслитерация әдісінің көмегімен *трисель* деп аударылады.

Flagstaff – екі зат есімнен құралған термин, жалаусап, не болмаса *тұтұғыр* деп баламалап аударылады. Ағылшын нұсқасының алғашқы түбір сөзі де, кейінгі сөзі де жасалып шыққан термин де зат есім қызметін атқарады.

Sheerstrake – транслитерация әдісі арқылы *ширстрек* деп аударылады.

Jacob's ladder – *шормтрап* деген мағынаны береді, аудару тәсілі сөзбе – сөз.

Displacement – етістіктен -ment жалғауының көмегі арқылы зат есім жасалып тұр, *displace* етістігі ығыстыру болып аударылса, әскери-теңіз саласына қатысты сөзбе-сөз аударманың көмегімен *суығыстырым* деп аударылады.

Түпнұсқа және аударылатын тілдерде де жұрнақ арқылы жасалған әскери-теңіз терминдерін қарастырғанда, олардың алғашқы сөз таптары да бірдей, одан соң сөзге белгілі бір жұрнақ жалғаннан кейінгі жағдайда көбінесе олардың сөйлемдегі атқаратын қызметтері басқа сөз табына айналып, басқа қызмет атқаратыны анықталды. Терминдер қазақшаға дәлме-дәл аударылған, нақты баламалары бар.

Қосарланған әскери-теңіз терминдерін ағылшын тілінен қазақ тіліне аударғанда, көп

жағдайда термин сөзбе-сөз аударылатынын байқауға болады. Түпнұсқа тілде терминдер екі сөздің қосарлануы арқылы жасалған болса, қазақ тіліне аударылғанда ол тіркесті терминді береді. Сөйлемдегі атқаратын қызметтері белгілі жағдайға байланысты өзгеріп отырады, дегенмен бұл барлық қосарланған терминдерге айтылған тұжырым деуге келмес.

Қорытындылай келгенде, ағылшын тілінде жай сөздерден бірігіп жасалған терминдер қазақ тілінде дәл солай бірігіп аударылмайды. Себебі оның мағынасы қазақ адамға түсініксіз болар еді. Бұл жағдайда қазақша жай дара сөздердің бір-бірімен тіркесуі арқылы аударылуы қазақ тілінде бүтін мағыналы әскери-теңіз терминдерінің жасалып шығуына септігін тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Негізгі ақпарат / Әскери-теңіз күштері / ҚР Қарулы күштері / Құрылымы / Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі. [Электрондық ресурс] Қол жеткізу режимі: https://www.mod.gov.kz/kaz/struktura/vooruzhennye_sily_rk/voenno-morskie_sily/osnovnaya_informaciya/
2. Құрманбайұлы Ш. Терминтану. Оқу құралы. – Астана, 2009. – 160 б.
3. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999. – 161 б.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 182 б.

ӘОЖ 81'255

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІ АУДАРУДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАР

Калешова Мейргуль Мырзалықызы

meirgulkaleshova@gmail.com

6M020700 – «Аударма ісі» мамандығының 2-нші курс магистранты,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Сәтенова С.К.

Фразеологизмдер сөзді жандандырып, тілімізге өткірлік сипат, ұлттық ажар беретін стильдік мәні айрықша құрал болып саналады

Фразеологизм дегеніміз формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер [1, б.173].

Фразеологизмдер мағына тұтастығын сақтайды және олардың мағыналық тұтастығы құрамындағы сөздердің жеке мағыналарына тәуелсіз. Демек, фразеологизмдердің мағыналары құрамындағы сөздердің лексикалық мағыналарымен сәйкеспейді, яғни лексикалық мағыналардың жиынтығы емес. Фразеологиялық мағына дегеніміз құрамындағы сөздердің не жеке бір сыңарының лексикалық мағыналарының қайта жаңғыртылған жинақты мағынасы. Сол себепті фразеологизмдер семантикалық жағынан біртұтас тіл бірлігі ретінде қолданылады. Б.А.Ларин “фразеологизмдер қоғамдық өмірді, халықтың дүниеге көзқарасын, сол қоғамдағы идеологияны бейнелеп тұрады”, - деп көрсетеді .

Тұрақты сөз тіркестері қарым қатынаста маңызды рөл атқарып, оған түрлі реңк береді. Фразеологизмдер мәтінді экспрессивті тұрғыдан айтылып, мәдени ассоциациялармен камтамасыз етеді. Фразеологизмдер көбінесе мәтіннің статусын анықтау кілті қызметін атқарады (сөйлеуші, мәтін хабарламасы, қарым қатынас жасаушылар арасындағы байланыс, т.б.).

Тұрақты сөз тіркестерін аударудың қиындықтары оларды мәтіннен ажыратудан басталады. Фразеологиялық бірліктердің екінші, үшінші «сатысы» олардың көпмағыналылығымен түсіндіріледі. Мысалы, ағылшын тіліндегі «to come through with flying colors» қазақ тілінің «белестерден жаңылмай өту» мағынасына сәйкес келеді, сонымен қатар